

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, АЛҒА АУДАНДЫҚ «ПАРИЖСКАЯ КОММУНА-XXI» ЖШС МАЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ GP 1050 ЖӘНЕ КАМБОРА 23 ГИБРИДТЕРІНІҢ КӨБЕЮ ҚАБІЛЕТТЕРІ**

*Алиханов Қ.Д. – PhD докторы, ветеринариялық санитария кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

*Құнақын М. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты*

*Сакуова К. - магистрант, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті*

*Аталған мақалада, Ақтөбе облысы Алға ауданындағы «Парижская Коммуна-XXI» Бестамақ мал шаруашылық кешенінің ландрас, дюрк және ірі ақ тұқымдарды будандастыру арқылы алынған GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандар мен мегежіндердің көбею қабілеттерін салыстыра зерттеу, бағалау және тұжырымдау. Зерттеу жұмыстары: 2015-2017 жылдар аралығында Ақтөбе облысы Алға ауданының «Парижская Коммуна - XXI» ЖШС-де жүргізіледі.*

*Зерттеу нысаны ретінде GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің мегежіндерінің тірілей салмағы, жасы, тұқымы, шығу-тегі және өнімділік көрсеткіштері ескеріліп, таңдалып, жұп-аналог әдісі бойынша әр топқа 10 бастан екі топ құрылады. Зерттеу жұмыстарының негізгі міндеттері:*

*-GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының ұрығының сандық және сапалық көрсеткіштері ( шәуеттің көлемі, шәуеттегі ұрықтың шоғырлануы және жалпы саны, ұрықтардың қозғалғыштығы ).*

*- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің ұрығымен мегежіндерді қолдан ұрықтандырудың нәтижелігін зерттеу.*

*- GP 1050 және Камбора 23 гибридтері қабандарының ұрықтарымен ұрықтандырылған мегежіндерден алынған торайлардың өсіп-жетілуі мен аман сақталуын зерттеу.*

*Зерттеу жұмыстарынан күтілетін нәтижелер: 1. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының көбею қабілеттерінің көрсеткіштері, ерекшеліктері және оларды тәжірибеге енгізу. 2. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің мегежіндердің өнімділігінің көрсеткіштерінің тиімді параметрлері және оларды тәжірибеде қолдану. 3. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандары мен мегежіндердің биологиялық ерекшеліктерін табында өндіре өсіруде қолдану.*

*Негізгі сөздер: гибрид; шағылыстыру; репродукция; шошқа кростары; асыл тұқымдар.*

## **ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНЫЕ КАЧЕСТВА ГИБРИДА КАМБОРА 23 И GP 1050 В ТОО «ПАРИЖСКАЯ КОММУНА XXI» АЛГИНСКОГО РАЙОНА, АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

*Алиханов Қ.Д. – доктор PhD, старший преподаватель кафедры ветеринарной санитарии, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова*

*Қунақын М. – магистрант Костанайского государственного университета им.А.Байтұрсынова*

*Сакуова К. - магистрант, Западно Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир Хана*

*В этой статье приведены материалы дальнейшего исследования и разработки, оценки воспроизводительных качеств свиноматок и хряков гибрида Камбора 23 и GP 1050 в ТОО «Парижская Коммуна XXI» Алгинского района, Актюбинской области которые были получены путем скрещивания породы дюрк, ландрас и крупно белый породы. Исследования,будет проведенные 2015-2017 году в ТОО «Парижская Коммуна XXI» Алгинского районе, Актюбинской области. Будет изучены:*

*- воспроизводительных качеств свиноматок и хряков гибрида Камбора 23 и GP 1050*

*- качества оценки семени и искусственного осеменение свиноматок гибридами Камбора 23 и GP 1050*

*- оценка поросят на выживаемость и на сохранность,которые были получены путем искусственного осеменение свиноматок с хряками гибрида Камбора 23 и GP 1050.*

*Ожидаемые результаты исследования: 1. Показатели воспроизводительных и производительных качеств хряков гибрида Камбора 23 и GP 1050 возможности их практическое применение. 2. Эффективные показатели эксплуатационных параметров свиноматок гибрида Камбора 23 и GP 1050 и возможности их применение на практике. 3. Использование увеличивает выработку биологических характеристик стада свиноматок и хряков гибрида Камбора 23 и GP 1050.*

*Ключевые слова: гибрид; крещение; репродукция; кросы свињи; племянные породы.*

## **REPRODUCTIVE QUALITY HYBRID CAMBORIU 23 AND GP 1050 LP " PARIS COMMUNE XXI» ALGA DISTRICT OF AKTOBE REGION**

*Alikhanov K.D. - doctor PhD, Lecturer Department of Veterinary Sanitation Kostanay State universitet after A.Baitursynov, Kostanay*

*Kunakin M. - master of veterinary science, Kostanay State universitet after A.Baitursynov, Kostanay*

*Sakuova K.- master of veterinary science, West Kazakhstan Agro - Technical University named after Zhangir Khan*

*This article provides materaly further research and development, evaluation of reproductive qualities of sows and boars hybrid of Kambora 23 and GP 1050 in Open Company «the Commune of Paris XXI» located in Alginsky area, the Aktyubinsk area strict , that have been received by crossing Duroc , Landrace and large white breed .Research will be carried out in 2015-2017 , the LLP " Paris Commune XXI» Alga district of Aktobe region . It will be studied :*

*- reproductive qualities of sows and boars hybrid Camboriu 23 and GP 1050  
- assessing the quality of the seed and sow osemennenie of artificial hybrids Camboriu 23 and GP 1050*

*- assessment of piglets survival and safety, which have been obtained by osemennenie of artificial sow with hybrid boars Camboriu 23 and GP 1050. Expected results of the study : 1. Indicators of reproductive and productive qualities of boar hybrid Camboriu 23 GP 1050 and the possibility of their practical application. 2. Effective indicators of performance parameters of sows hybrid Camboriu 23 and GP 1050, and the possibility of their application in practice. 3. The use increases the production of the biological characteristics of sows and boars hybrid herd Camboriu 23 and GP 1050 .*

*Keywords: hybrid; hybridization; reproduction; crosses pigs; pedigree breed.*

Шошқа шаруашылығы - Қазақстан мал шаруашылығының жетекші салаларының бірі болып табылады. Нарықтық экономика қалыптасқан жағдайда еліміздің егемендігін қамтамасыз етудің басты мәселелерінің бірі - жеткілікті азық - түлік қорын құру болып табылады. Осы аса маңызды бағытқа негізгі күш - жігерді шоғырландыру қазіргі кезеңнің бірінші дәрежелі міндеті болып табылады. Республикада азық-түлік проблемасын шешуде шошқа шаруашылығының алатын орны ерекше. Бұл еліміздің ет қорын жедел түрде толықтыруға мүмкіндік беретін мал шаруашылығының айрықша саласы.

Шошқа шаруашылығын нарық заманына экономикалық жағынан тиімді етіп өсірудің кілті - ғылым мен озат тәжірибенің берік бірлігінде. Соңғы жылдарда дүние жүзінде ауыл шаруашылық ғылымдарының қатарына шошқа жөніндегі ғылым сан алуан жаңалықтармен, жаңа технологиялармен, селекция әдістерімен байытылды. Сол секілді біздің елімізде де шошқа шаруашылығын дамытуда жұмыстар жүргізілуде. Ақтөбе облысы, Алға ауданындағы «Парижская Коммуна XXI» ЖШС - нде Камбора гибриді өсірілуде.

Шошқа шаруашылығы - мал шаруашылығының тез жетілгіш саласы екендігін, гибридологиялық (гибрид - будан, дүбара) әдіспен, яғни будандастыру, шағылыстыру және қолдан тозаңдандыру жүйесін пайдалана отырып үш тұқымды шағылыстырудың тиімді екендігін және алынған будан сапалы болады. Гибридологиялық талдаудың негізгі әдіс екендігін атап өтті.

РІС компаниясының мәліметінше Камбора 23 гибриді – GP - 1050 шошқасы мен ірі ақ тұқымды қабанның L 08 аталық ізімен шағылыстыру арқылы алынған. Бұл гибридтің пайда болу жолдары осы аталған РІС компаниясының құрылуынан бастау алады. Сонымен Дюрок пен ландрас тұқымдарын пайдалана отырып синтетикалық L 08 ізін алу жұмыстары 1971 жылы басталып 1978 жылы зерттеу жұмыстары аяқталған болатын. Еуропа елдерінің басты өнімі болып табылатын Камбора 23 гибриді солтүстік Америкада соңғы үш жыл бойы зерттеулер жүргізу арқылы оны негізгі өнім көзі деп таныды.

Жер бетіндегі адамзат баласының саны жыл санап арта түсуіне байланысты оларды азық түлікпен, соның ішінде ақуыз текті тағам өнімдеріне деген сұранысы арта түсуде. Сондықтан қазіргі уақыттағы әлемдік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі – халықты азық - түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Сол секілді Қазақстан Республикасында нарықтық экономика қалыптасқан жағдайда еліміздің егемендігін қамтамасыз етудің басты мәселерінің бірі – жеткілікті азық – түлік

қорын құру болып табылады. Осы аса маңызды бағытқа негізгі күш – жігерді шоғырландыру қазіргі кезеңнің бірінші дәрежелі міндеті болып табылады.

Шошқаны ауа – райы әртүрлі шаруашылық технологиялық жағдайларда өсіруге болады. Себебі, олар кез – келген ортаға тез бейімделеді. ТМД елдерінің барлық аймақтарында, Қазақстан Республикасының Орталық және Шығыс аймақтарында көптеп өсіреді.

Шошқа шаруашылығы дүниежүзілік ет өнімінің 40% - ға жуығын береді, қазір оның саны 0,8 млрд - тан асып отыр. Ірі қарамен салыстырғанда күй талғамайтындықтан және тез өсіп - өнетіндіктен бұл шаруашылық адамдар тығыз қоныстанған аймақтарда кең тараған. Дүние жүзіндегі шошқа санының жартысына жуығы Азияға, оның ішінде, ең алдымен, Қытайға келеді. Сонымен қатар АҚШ, Бразилия, Германия, Ресей, Польша елдерінде де шошқа шаруашылығы жақсы дамыған.

Шошқа еті мен майының жоғары тағамдық қасиеті дүние жүзінің көптеген елдерінде шошқа еті пайдаланудың үлес салмағының артуына себепші болып отыр. Мәселен, ет балансында шошқа етінің үлесі Данияда – 69, ГФР –да - 65,9, Польшада - 60,5 % болып отыр. Қазір жер жүзінде практикалық мәні бар шошқа тұқымдарының саны жүзден асады, ал аз санды және құрып бара жатқандары 400 тартады, ең өнімді тұқымдардан бірінші кезекте ірі ақ және ландрас тұқымдарының бас саны өсіп келеді. Мәселен, барлық асыл тұқымдардың ішінде біздің елімізде ірі ақ шошқа – 85%, ГФР мен Данияда ландрас – 90% деңгейінде болып отыр.

Г. Джонсонның айтуынша сұрыптаушылардың негізгі мақсаты – шошқалардың жаңа гибридтерін шығарып, олардан будан торайлар алу. Бұл мәселені шешу үшін генетиктер мен қатар физиологтар, биохимиктер, зоогигиенистер, технологтар және ветеринарлық қызметкерлердің қатысуы қажет. Сонда ғана генетикалық мүмкіншіліктері толық дамыған шошқа гибридтерін үдемелі шошқа шаруашылығында дұрыс пайдалануға болады [1].

Соңғы уақытта шошқа етінің еншісінде Қазақстанда өндірілетін еттің 13 % келеді, ал ТМД – да барлық өндірілетін еттің үлесінің 50% - дейін шошқа еті құрайды. Солтүстік Америкада – 36%, бірақ Шығыста және Африка елдерінде әдет – ғұрыпқа байланысты шошқа етінің үлесіне 7 - ден 18% - ға дейін келеді. Басқа ауыл шаруашылық малдарының өсіп жетілуіне қарағанда да шошқа санының өсуі қарқынды түсуде.

Таңатаров А.Б., Атабайұлы А., Таңатаров М.А мәліметінше қазіргі кезде арнайы үлкен шаруашылықтардың пайда болуы өндірістік будандастыруды жүйелі және жалпы түрде будандастыру жұмыстарын жүргізуге үлкен мүмкіншіліктер ашты. Будандастырудың тиімділігі бірнеше факторларға байланысты, соның ішінде белгілі бір шаруашылыққа байланысты будандасатын шошқалардың түріне де байланысты да болады [2].

Қазақстанның барлық облыстарында шошқа тұқымын өсірумен айналысады. Соның ішінде ірі ақ шошқа тұқымының маңызы зор, себебі Қазақстанда өсірілетін шошқа тұқымының 93% - ын осы тұқым құрайды. Ал Қазақстанда шығарылған Жетісу тұқымы – 4,5 %, ақсайдың қара ала тұқымдық шошқа тобы - 0,7% үлесін құрайды.

Шошқа шаруашылығының тиімділігінің артуы және шошқа еті өндірісінің едәуір өсуінің маңызды қоры ұрғашы табынды қарқынды пайдалану болып табылады – жылына кем дегенде екі торайлау. Ұрғашы шошқаның жылына торайлауын 1,8–2есеге арттырумен торайлардың шығымын жылына 60 – 80% арттырады және бөлінген торайлардың өзіндік құны 25 – 30% төмендеп, шошқа етінің өзіндік құны 15-2 есеге төмендейді. Торайлау санын, басқа да зоотехникалық шаралармен бірге торайлату арасындағы кезеңді қысқарту, торайларды ерте бөлу арқылы арттыруға болады.

Соңғы он жылдықта әлемдік шошқа шаруашылығында көп тұқымдық «күрделі» шағылыстыру әдісі кең таралып келеді. Үш және одан да көп тұқымдардың буданы тұқым қуалау белгілеріне бай, дарақтардың гетерозиготалылығы жақсы біліген болып келеді.

Шошқа тұқымдарын шығару жұмыстары Ресейде 1965 - 1966 жж жүргізіле бастаған болатын. Бұл шараның нәтижесінде шошқалардың отандық сұрыптауы бойынша алынғандарының тәуліктік салмақ қосуына 1 кг- ға 4,03 азық өлшемін қолданғанның өзінде 721 грамнан аспады. Дегенмен шошқалардың еттілік қасиеті үмітті өшірмеді, ұшаның еттілігі 51% - дан жоғары болды. Кейбір жетістіктер 20 – шы ғасырдың 70 - ші жылдары көріне бастады. Сұрыптаушылар ет шығымын 57 - 58% көтере бастады. 1980 жылдың аяғына қарай асыл тұқымды шошқа шаруашылығы Ресейде 23 зауыттық тұқымды және 7 тұқымдық топ шығарды. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек аталған көршілес мемлекет Ресейде қазіргі кезеңде 200 шошқа кешендері бар, ал 2015 жылға қарай 275 – ке жеткіземіз деген мақсат қояуда.

А.И. Овсянников 2-ші дүниежүзілік соғыс жылдары алдында ірі ақ шошқа тұқымының мегежіндері мен беркшир тұқымының қабандарының өндірістік жағдайда шағылыстыру жұмыстарының тиімділігін анықтау жұмыстары жүргізілген болатын [3].

В.С.Григорьев деректері бойынша тұқымқуалағыштығының көп тұқымдардың белгілерімен байытылуы таза тұқымды бастапқы тұқымымен салыстырғанда ата - анасында жоқ белгілерінің байқалуына әкеліп соғады, олар бағалы белгілерінің сұрыптау жұмысының барысында одан әрі байытылу мүмкіндігіне ие болып келеді. Ал шошқаны қатал сұрыптауды пайдаланып өндірістік технологияға сай өсіру, асыл тұқымды шаруашылықтарда генетикалық материалдан құрылуынан

бастап селекциялық үрдістің аяқталуына дейін аталған шаруашылықтардағы жануарлардың ұрпақтарының жақсы қасиеттерінің пайда болуымен сипатталады [4].

Шошқа тұқымдарын шығару жұмыстары Ресейде 1965 - 1966 жж жүргізіле бастаған болатын. Бұл шараның нәтижесінде шошқалардың отандық сұрыптауы бойынша алынғандарының тәуліктік салмақ қосуына 1 кг- ға 4,03 азық өлшемін қолданғанның өзінде 721 грамнан аспады. Дегенмен шошқалардың еттілік қасиеті үмітті өшірмеді, ұшаның еттілігі 51% - дан жоғары болды. Кейбір жетістіктер 20 – шы ғасырдың 70 - ші жылдары көріне бастады. Сұрыптаушылар ет шығымын 57 - 58% көтере бастады. 1980 жылдың аяғына қарай асыл тұқымды шошқа шаруашылығы Ресейде 23 зауыттық тұқымды және 7 тұқымдық топ шығарды. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек аталған көршілес мемлекет Ресейде қазіргі кезеңде 200 шошқа кеше Ф.А.Гуч.,М.Ф.Гуменкий жаңа тұқымды шығару жұмыстарының негізі болып олардың генетикалық белгілеріне әсерін тигізетін және жануардың қасиетін жоғарылататын шаралар болып табылады. Ал мұны селекциялық әдістерді қолдану арқылы және тұқымқуалағыштығын жоғарылату арқылы қол жеткізуге болады [5].

К.Л.Янугиева., Л.Х. Левентуль жазып кеткендей мал шаруашылығының қысқаруы, онымен байланысты алынатын өнім көлемінің азаюы 35 - 40% құраса, осы жылдары ТМД - ның басқа да елдерінде мал басының 31% - ға қысқарғаны анықталды және жергілікті өнімділігі төмен тұқымдарды асыл тұқымды, соның ішінде ірі ақ шошқа тұқымдарымен шағылыстыру негізінде тұқымдық қасиеті жоғары торай алу жұмыстары кең көлемде жүргізілді [6].

Соловых А., Овчинников А., Хренова.О деректері бойынша гибридті шошқа шаруашылығы еуропалық елдерде өте жоғары экономикалық тиімді екенін көрсетті. Үш тұқымды шағылыстырудың тиімділігі алынған будан өзінің таза тұқымды аналығынан гөрі аналықтық қасиеттері сапалы болатындығын көрсетті. Ландрас қолтұқымы жергілікті даттық шошқаларды елге әкелінген ірі ақ шошқа қолтұқымның қабанымен шағылыстыру арқылы Данияда алынған болатын. Бұл тұқым кейінірек дүние жүзінің көптеген басқа қолтұқымдарын жетілдіруде пайдаланылған болатын. Ал дюрюк тұқымы АҚШ – та екі қызыл түсті тұқымды шағылыстыру арқылы алынған «дюрюк джерсейский» деген атқа ие болды. Алғашқы уақытта бұл тұқым май өнімділік бағыттары, кейіннен селекция жүргізіле отырып ет бағыттағы типке айналды [7].

РІС компаниясының мәлімдеуінше қазіргі кезде әлемде аталған шошқа кростарын өнімділігі мен шаруашылық жағдайда бейімделу қабілеті жоғары болуына байланысты көптеген елдер өсіруде.

В.Д.Кабановтың мәліметінше шошқа еті ауыстырылмайтын барлық амин қышқылдары мен толыққанды ақуыздарға, минеральды заттарға және В тобындағы дәрумендерге бай. Шошқа майы – адам организміне қажетті ауыстырылмайтын май қышқылдарының негізгі көзі. Шошқа етінің қорытылу дәрежелігі – 90-95 %, ал майының қорытылуы - 98 % және де оның құрамында 40 % құрғақ заттардың болуына байланысты, одан көптеген консерві өнімдерін жасайды. Шошқа еті өте жоғары калориялы өнім - 1 кг етте - 16 000 кДж энергия болады [8].

В.А. Струнникованың мәліметтерінше көп тұқымдарды шағылыстыру арқылы алынаған гибридтер екі тұқымды шағылыстыру арқылы алынған гибридтермен салыстырғанда өндірістік жағдайда өнімділігі бойынша айырмашылығы анықталмаған [9].

А.П. Гришкова мақаласында көрсетілгендей шошқа шаруашылығы мал шаруашылығының ішіндегі ең тез дамып жетілгіш сала болып табылады. Негізінен шошқа шаруашылығының өнімдері етімен майын қолданса азық ретінде, ал терісін тері өңдеу саласында қолданып келсе, қазіргі кезде олардың қанын малдық азық өнімдерін дайындағанда және фармацевтика саласында да дәрі - дәрмектер жасау мақсатында да қолданады [10].

Шошқа өнімінің жоғары болуы оның биологиялық ерекшелігінде: көптөлділігінде, тез жетілгіштігінде, азықты тиімді мөлшерде қолдануында және де етінің диетикалық қасиеттерінің болуымен де сипатталады. Шошқа шаруашылығы қызметінің нәтижесі бір аналыққа шаққандағы торай санымен өлшенеді. Көптөлділік кейбір жағдайларда есептелмегенде барлық аналықтың берген төлінің орта көрсеткішімен өлшенеді.

И.П. Шейко мәлімдеуінше шошқалардың туу қабілетінің жоғары болуына байланысты кез келген шаруашылықта жылына кем дегенде бір мегежіннен 26 торай алуға мүмкіндік бар [11].

Басқа үй жануарларға қарағанда шошқа бірсыпыра биологиялық қасиеттері ие: бұл эмбриональдық дамудың қысқа мерзімі, көптөлділігі, азық талғамауы, буаздық кезеңінің қысқалылығы, шошқаның өсуінде азықтың аз жұмсалатындығы, сондай-ақ шошқа етін өндіруге көп еңбек жұмсалмайтындығы шошқа бойындағы зор қасиет.

А.П. Гришкова мақаласында көрсетілгендей шошқа шаруашылығы мал шаруашылығының ішіндегі ең тез дамып жетілгіш сала болып табылады. Негізінен шошқа шаруашылығының өнімдері етімен майын қолданса азық ретінде, ал терісін тері өңдеу саласында қолданып келсе, қазіргі кезде олардың қанын малдық азық өнімдерін дайындағанда және фармацевтика саласында да дәрі - дәрмектер жасау мақсатында да қолданады [12].

Шошқа өнімінің жоғары болуы оның биологиялық ерекшелігінде: көптөлділігінде, тез жетілгіштігінде, азықты тиімді мөлшерде қолдануында және де етінің диетикалық қасиеттерінің

болуымен де сипатталады. Шошқа шаруашылығы қызметінің нәтижесі бір аналыққа шаққандағы торай санымен өлшенеді. Көптөлділік кейбір жағдайларда есептелмегенде барлық аналықтың берген төлінің орта көрсеткішімен өлшенеді.

### **Зерттеу материалдары, мақсаты мен әдістемесі.**

Зерттеу жұмыстары: 2015-2017 жылдар аралығында Ақтөбе облысы Алға ауданының «Парижская Коммуна - XXI» ЖШС-де жүргізіледі.

Зерттеу нысаны ретінде GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің мегежіндерінің тірілей салмағы, жасы, тұқымы, шығу-тегі және өнімділік көрсеткіштері ескеріліп, таңдалып, жұп-аналог әдісі бойынша әр топқа 10 бастан екі топ құрылады. GP 1050 шошқасы 1962 жылы Британдық ландрас (L 02) пен ірі ақ шошқа (L 03) тұқымының негізгі аналық іздерін шағылыстыру арқылы шығарылған болатын. Камбора 23 шошқасы GP 1050 гибридтің аналығы мен Дюрок тұқымының L 08 синтетикалық аталық ізімен шағылыстыру арқылы алынған болатын.

Зерттеу жұмыстарының негізгі міндеттері:

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының ұрығының сандық және сапалық көрсеткіштері ( шәуеттің көлемі, шәуеттегі ұрықтың шоғырлануы және жалпы саны, ұрықтардың қозғалғыштығы ).

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің ұрығымен мегежіндерді қолдан ұрықтандырудың нәтижелігін зерттеу.

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтері қабандарының ұрықтарымен ұрықтандырылған мегежіндерден алынған торайлардың өсіп-жетілуі мен аман сақталуын зерттеу.

Зерттеу жұмыстарынан күтілетін нәтижелер:

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының көбею қабілеттерінің көрсеткіштері, ерекшеліктері және оларды тәжірибеге енгізу.

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің мегежіндердің өнімділігінің көрсеткіштерінің тиімді параметрлері және оларды тәжірибеде қолдану.

- GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандары мен мегежіндердің биологиялық ерекшеліктерін табында өндіре өсіруде қолдану.

GP және камбора гибридтерінің өнімділік қасиеттерін жетілдірудегі жұп таңдау мен сұрыптау жүйесінің жұмыстарын жүргізу үшін әртүрлі ғылыми-әдістемелік нұсқаулар пайдаланылады. Тұқымның генеалогиялық жүйесі, аталық іздердің, туыстық топтардың сапалық көрсеткіштері, алғашқы зоотехникалық есеп мәліметтері бойынша зерттеледі. Ересек малдарды сипаттау үшін, тұқым коэффициентін пайдалана отырып, олардың жоғары өнімділік көрсеткіші алынады. Бір уақытта ұрпағының сапасы бойынша осы жоғарыда аталған тұқымдардың 10 аталықтары бағаланады. Ұрпағының сапасы бойынша бағалау үшін, аталықтарына үш немесе оданда көп рет төлдеген 10 шошқа бекітіледі. Алынған ұрпақтан жас айырмашылығына байланысты тірілей салмағы, ұрық сапасы бойынша қабандар іріктелініп, бағаланады.

Биологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін шошқалардың көбею белсенділігі және аталықтарының ұрық сапасының мәліметі пайдаланылады.



Сонымен бұл шошқа түрінің әлемдік нарықта пайда болуы шошқа өнімін арттыруға үлкен мүмкіндіктер туғызды.


GP 1050 шошқасының биологиялық сипаттамалары:

- Жоғарғы көптөлділік;
- Сүттілігінің жоғарылығы мен торайладың аман - сақталуының артықшылығы;
- Дене бітімінің тығыздығы мен тұрқыны ұзындығы;
- Қолға үйретуге қонымды, жуас.

GP 1050 шошқасының аналық іздерінің экономикалық тиімділігі жөнінінде анықталатын көрсеткіштері:


- Жаңа тірі туған торайлардың саны;
- Торайлардың енесінен айыру кезіндегі салмағы;
- Қыртыс майының қалыңдығы;
- Арқа бұлшық етінің қалыңдығы;
- Емшектерінің саны;
- Алғаш қашыру кезіндегі жасы;
- Торайларды енесінен айыру мен келесі қашыруға дейінгі аралық.

Аталған шаруашылықта өсіріліп жатырған гибридтердің өнімділігін арттыру мақсатында PIC компаниясының асыл тұқымды мегежіндері мен қабандары қолданылады. Жыл сайын табынды 50 % - ға GP 1050 мегежіндерімен және 30% - ға L08, L65 ( PIC 337) қабандары мен толықтырып отырады. Аналық табынның тұқымдық құрамы 1-суретте көрсетілген:



**1 – сурет. GP (1050) ізі - аналық мегежінің шығу жолы**

Сонымен GP 1050 - ді GP 1075 (Дюрок тұқымының L 19 ізі) - пен шағылыстырсақ оңтүстік және солтүстік Еуропаның басты өнімі Камбора 22 шошқасын аламыз, ал GP 1025 (Дюрок тұқымының L 08 ізі) – пен шағылыстырсақ Еуропа мен АҚШ – тың негізгі өнімі болып табылатын Камбора 23 шошқасын аламыз, ал GP 1035 – пен шағылыстырсақ Германия, Польша, АҚШ және Азия елдерінде көп өсірілетін Камбора 24 өнімін аламыз. Ал осы GP 1050 тұқымы арқылы шығарылған, шаруашылық өнімділігін арттыруға бағытталған Камбора 23 шошқасының шаруашылық жағдайға байланысты өнімділігі мен бейімделгіштігі жағынан шаруашылыққа арналған түр болып табылады(3 сурет )



**2 – сурет. Камбора 23 ізінің шығу жолы**

РІС компаниясының мәліметінше Камбора 23 шошқасы үлкен репродукторлық орталықтарға, фермаларға арналып шығарылған. Ол аналықтарының қасиеттерімен, жоғарғы өнімділікпен және етінің сапасымен ерекшеленеді.

Камбора 23 шошқасының аналықтарының негізгі көрсеткіштері:

- Жоғарғы көптөлділік;
- Сүттілігінің жоғарылығы мен торайлардың аман - сақталуының артықшылығы;
- Қолға үйретуге қонымды, жуас;
- Шаруашылық жағдайға тез бейімделгіштігі.

Камбора 23 - GP 1050 шошқасы мен ірі ақ тұқымды қабанның L 08 ізінің өнімі. Бұл гибридтің пайда болу жолдары осы аталған РІС компаниясының құрылуынан бастау алады. Сонымен дюрок пен ландрасты пайдалана отырып синтетикалық L 08 ізін алу жұмыстары 1971 жылы басталып 1978 жылы зерттеу жұмыстары аяқталған болатын.

GP 1050 мен L 08 ізін селекцияда қолдану мақсаты осы жоғары аталған GP 1050 гибридінің өнімділік қасиеттерін одан әрі жетілдіру, үлкен шаруашылық жағдайларына бейімделе алуын қарастыру.

Камбора 23 шошқасының аналық іздерінің экономикалық тиімділігі жөнінінде анықталатын көрсеткіштері:

- Жаңа тірі туған торайлардың саны;
- Торайлардың енесінен айыру кезіндегі салмағы;
- Қыртыс майының қалыңдығы;
- Арқа бұлшық етінің қалыңдығы;
- Емшектерінің саны;
- Алғаш қашыру кезіндегі жасы;
- Торайларды енесінен айыру мен келесі қашыруға дейінгі аралық.

Еуропа елдерінің басты өнімі болып табылатын Камбора 23 шошқасын солтүстік Америкада соңғы үш жыл бойы зерттеулер жүргізу арқылы оны негізгі өнім көзі деп таныды.

РІС компаниясының мәлімдеуінше қазіргі кезде әлемде аталған шошқа кростарын өнімділігі мен шаруашылық жағдайда бейімделу қабілеті жоғары болуына байланысты көптеген елдер өсіруде.

Өндірістегі үрдісті тиімді қадағалау үшін жануарларға өзіндік белгі салу керек. Сол мақсатта «Парижская Коммуна - XXI» ЖШС - де торайлар арнайы сырғалармен белгіленеді.

- GP 1050 – үшбұрышты сары сырға, торайларына да сары сырға
- Камбора 23 - дөңгелек сары сырға, торайларына таңба салынбайды
- Тауарлық жас төлдер – қызыл сырға, торайларына таңба салынбайды
- Қабандарға таңба салынбайды.

Камбора 23 және GP 1050 гибридтері екеуі де негізінен дене бітімінің ірілігімен, дене пішімінің тегістігімен, өнімділігінің жақсы болуымен ерекшеленеді. Ет және сүйек ұлпасы жақсы дамыған, мойынының ұзындығы орташа, шоқтығы етті, арқасы, жауырыны және бел аумақтары кең. Кеудесі кең, қабырғалары дөңгеленіп келген, аяқтарын жерге мығым басып тұрады.

Ақтөбе облысының жер көлемінің басым бөлігін, төрт түліктің барлық түрін өсіруге тиімді пайдалануға болатындығын, бағалы азық - түлік, жеңіл өнеркәсіп шикізаттарын өндірудің берік негізі болып қала беретіндігін ескере отырып, бұл ретте, нарықтық қатынастар талаптарына сай, мол да, сапалы өнім беретін, жергілікті табиғат, ауа - райы жағдайларына жақсы бейімделген, түрлі ауруларға төзімді қолда бар мал тұқымдарын одан әрі жетілдіріп, жаңа түрлерін шығаруға бағытталған ғылыми - тәжірибелік жұмыстардың маңызы өте зор екендігін атап өткен жөн

### **Қорытынды**

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге барлық жағдай жасалған «Парижская Коммуна - XXI» ЖШС-де Big Dutchman фирмасының құрал - жабдықтарын қолдануға барлық санитарлық нормаларға сәйкес келеді. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының көбею қабілеттерінің көрсеткіштері, ерекшеліктері алдағы уақытта зерттеледі барлық лаборатория құрал-жабдықпен қамтылған.

Шаруашылық жағдайында алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жасалып нәтижелер зерттеледі. Табын өсіру жұмысы оң бағытта жүргізіліп жатқаны, гибридтің шаруашылыққа пайдалы белгілері әрі қарай жетілдіріліп жатқаны анықталды.

### **Әдебиеттер:**

1. Джонсон Г. Доходное свиноводство/ Г.Джонсон.-М.:Сельхозиздат,1963,-С.183.
2. Таңатаров А.Б. Шошқа шаруашылығы / А.Б.Таңатаров., А.Атабайұлы., М.А.Таңатаров. – Алматы, 2005 -332 б.- ISBN 9965-671-79-6
3. Овсянников А.И. Методы выведения сочетающихся линий и мжлинейная гибридизация в свиноводстве / Овсянников А.И.- Научные труды ВАСХНИЛ, 1989.- 15-19 с.
4. Григорьев В.С. Особенности полового созревания чистопородных и помесных свинок/ В.С. Григорьев.,В.И.Максимов // Зоотехния. –М.:2006.- №2.-С.31-32
5. Гуч Ф.А. Гуменкий М.Ф. Система разведение и гибридизаций в Молдавском ССР. Племенное дела в свиноводстве / Ф.А. Гуч, М.Ф. Гуменкий.- М: 1982.- С.36.
6. Янугиева К.Л., Левентуль Л.Х. Безподстилочное содержание в свинарниках-маточниках/ К.Л.Янугиева., Л.Х. Левентуль.-М.:Колос, 1981,-С.255
7. Соловых А. Лучшая материнская порода крупная белая/ А. Соловых, А. Овчинников, О. Хренова // Свиноводство. - 2005. - № 6. - С. 22-23.
8. Кабанов В.Д. Породы свиной / В.Д.Кабанов., А.С.Терентьева. — М.: Агропромиздат, 1985. —С. 336.
9. Струнников В.А. Природа гетерозиса и новые методы его повышения /В.А Струнников. — М.: Наука, 1994.- 108 б.



10. Гришкова А.П. Создание и совершенствование высокопродуктивных типов и пород свиней для условий Сибири с использованием современных методов селекции / А.П. Гришкова. - //Владис Автореф. дис. Д - ра с.- х. наук Новосибирск, 1994. –С. 49
11. Шейко И.П. Основные итоги селекции мясных типов и пород свиней в ^ условиях Сибири/ И.П. Шейко // Свиноводство.- 1998.- N 1 .- С.4 - 7.

#### References:

- 1.Dzhoncon G. Dohodnoe cvinovodstvo / G.Dzhoncon. M : . Celhozizdat 1963 , -С.183.
2. Tanatarov A.B.Svinovodstvo / A.B.Tanatarov . , A Atabayuly . , M.A.Tanatarov . - Almaty , 2005 -332 B.- ISBN 9965-671-79-6
- 3.Ovcyannikov AI Metody vyvedeniya cochetayuschihcy a lines and mzhlineynaya gibridizatsiya in cvinovodctve / Ovcyannikov A.I.- Nauchnye works VACHNIL , 1989.- 15-19
4. Grigorev VS Ocobennosti sexual cozrevaniya chictoporodnyh and pomecnyh cvinok / VS Grigorev . , V.I.Makcimov // Zootehniya . -M :. 2006.- №2.-С.31-32
5. Gooch F.A. Gumenky MF Cictema razvedenie and gibridizatsy Moldavckom in CCR . Plemmennoe dela in cvinovodctve / F.A. Gooch, MF Gumenkiy.- M : 1982.- С.36.
6. Yanugieva KL, LH Leventul Bezpodctilochnoe coderzhanie in cvinarnikah - matochnikah / K.L.Yanugieva . , LH Leventul. M : . Koloc 1981 , -С.255
7. A. Soloviev Luchshaya materinckaya poroda krupnaya belaya / A. Soloviev , A. Ovchinnikov , O. Hrenova // Cvinovodctvo . - 2005. - № 6. - С. 22-23.
8. VD Kabanov Species cviiiey / V.D.Kabanov . , A.C.Terenteva . - M :. Agropromizdat , 1985. -С. 336 .
9. Ctrunnikov VA Priroda geterozica and novye metody the plug povysheniya /V.A Ctrunnikov . - M :. Nauka , 1994.- 108 b .
10. Grishkova A.P. Cozdanie and covershenctvovanie vycokoproduktivnyh types and breeds of Siberia cviney for THE CONDITIONS c icpolzovaniem covremennyh metodov celektsii / A.P. Grishkova . - // Vladic Avtoref . dic . D - RA c.- x . nauk Novocibirck , 1994. -С. 49
11. Sheyko IP Ocnovnye outcome celektsii myacnyh cviney types and breeds of Siberia CONDITIONS FOR ^ / IP Sheyko // Cvinovodctvo.- 1998.- N 1 .- С.4 - 7 .

#### Авторлар жайлы мәлімет

*Алиханов Қуантар Дәуленұлы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 6D120200 – Ветеринариялық санитария мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Қостанай қаласы, Байтұрсынов к-сі 47, тел. 8702 671 71 87 [mr.kuantar\\_87@mail.ru](mailto:mr.kuantar_87@mail.ru)*

*Құнақын Мүкен – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты, Қостанай қаласы, Байтұрсынов к-сі 47, тел. 8702 671 71 87 [mr.kuantar\\_87@mail.ru](mailto:mr.kuantar_87@mail.ru)*

*Сакуова Күнсұлу - магистрант, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Орал қаласы, к-сі. Березова 103, тел.8-747-081-24-33 [ilmira\\_89@mail.ru](mailto:ilmira_89@mail.ru)*

*Алиханов Куантар Дауленович - Костанайский государственный университета имени А. Байтурсынова, доктор философии (PhD) по специальности 6D120200 – Ветеринарная санитария, г. Костанай, ул. Байтурсынова 47, тел. 8702 671 71 87, e-mail: [mr.kuantar\\_87@mail.ru](mailto:mr.kuantar_87@mail.ru)*

*Кунақын Мүкен - Костанайский государственный университета имени А. Байтурсынова, магистрант, г. Костанай, ул. Байтурсынова 47, тел. 8702 671 71 87, e-mail: [mr.kuantar\\_87@mail.ru](mailto:mr.kuantar_87@mail.ru)*

*Сакуова Кунсулу - магистрант, Западно Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир Хана г.Уральск, ул. Березова 103, тел.8-747-081-24-33 [ilmira\\_89@mail.ru](mailto:ilmira_89@mail.ru)*

*Alihanov Kuantar Daulenovich - Kostanay State universitet after A.Baitursynov, the Degree of DOCTOR (PhD) in Veterinary sanitary, Kostanai str. Baitursynov 47, mobile 8702 671 71 87, e-mail: [mr.kuantar\\_87@mail.ru](mailto:mr.kuantar_87@mail.ru)*

*Kunakin Muken - master of veterinary science, Kostanay State universitet after A.Baitursynov, Kostanay, Kostanai str. Baitursynov 47, tel.8-777-645-71-34 , e-mail: [bolatkali06@mail.ru](mailto:bolatkali06@mail.ru)*

*Sakuova Kunsulu - master of veterinary science, West Kazakhstan Agro - Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk s. , str . Berezovsky 103 , tel.8-747-081-24-33 [ilmira\\_89@mail.ru](mailto:ilmira_89@mail.ru)*